

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**  
**Ғылыми кеңесінің**  
**2022 жылғы 31 тамыздағы мәжілісінің**  
**№1 хаттамасынан**  
**КӨШІРМЕ**

**Күн тәртібі:**

**Қатысқандар:** 43 кеңес мүшесінің 42-і.

**9.2 Бакалавриат білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау нысанын айқындау туралы**

**ТЫҢДАЛДЫ:** Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры **Б.Б. Қашқынбай** Бакалавриат білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау нысанын айқындау туралы өтінішімен таныстырды.

Мәселені талқылау және дауыс беру («қолдады» – 40, «қарсы болған» – жоқ, «қалыс қалған» – 2) нәтижесінде Ғылыми кеңес мынадай

**ШЕШІМ**  
**ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бакалавриат білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау нысаны келесі тәртіпке сәйкес айқындалсын: Талдамалық және зерттеу жұмысының дағдылары бар білім алушылар үшін қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

Бұл ретте дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына екі кешенді емтиханды емтихан тапсыруға ниет білдірген білім алушылар, оның ішінде:

1) денсаулығына байланысты стационарда ұзақ ем алатындар;

2) ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер;

3) жүкті әйелдер немесе екі жасқа толғанға дейінгі бала тәрбиелейтіндер тапсырады.

2. Екі кешенді емтихан тапсыратын білім алушылар «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректордың атына өтініш жазады.

**Басқарма төрағасы-ректор**

**Е.Б. Сыдықов**

**Басқарма хатшысы-Ғалым хатшы**

**Г.Г. Галиакбарова**

